

8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау

(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Стамбекова Жазира Курманғалиевнаның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациясына РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының жаңа өзгерістерге бетбұрыс жасауы, еліміздің тұтас дамуындағы жаңа белестің көрініс табуын көрсетеді. Жаңа белестің негізі білімнің, жаңа технологиялардың, адамзат санасының жаңаша ойлау мүмкіндіктерінің тізгіні болатын инновациялық ойлау мен инновациялық әрекеттің қолданысқа түсуі бүгінгі күннің басты мәселесі екені белгілі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Бастауыш білім беру бағдарламасы сияқты білім беру саласын дамытуға арналған еліміздің мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарында болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін және кәсіби даярлығын дамыту, «баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз ету» мәселелері басты міндеттер қатарына қойылған. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті», – деп көрсеткен еді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы өзінің сөзінде: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болуымен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз», – деп инновациялық әрекетке даяр болудың маңызын атап көрсеткені белгілі. Бұл тұста қазіргі инновациялық үдерістің, инновациялық әрекеттің болмысын ақпараттық технологиялар мен алмастыру бар екенін көрсетеді. Өйткені жаңа технологиямен жұмыс жасаған адам инноватор болмайтыны белгілі, басты мәселе мамандардың инновациялық ойлау дағдысын меңгеруінде, инновациялық әрекет ету дағдыларының қалыптасуында екендігі анық. Бастауыш, негізгі, орта мектепте білім беру жүйесіндегі жаңашыл ізденістердің нәтижесі кең ауқымда орын алған оқу бағдарламаларын жаңғырту барысында инновациялық үдерістің мәртебесі ерекше деңгейге көтерілді деп айта</p>

		<p>аламыз. Өйткені жаңартылған оқу бағдарламаларындағы білім мазмұны кеңестік дәуірдің бұлжымайтын заң сияқты қабылданатын жаттанды ақпараттардан емес, оқушының өз бетімен білім ала білуіне дағдыландыратын оқу мақсаттарынан құралады. Ал осындай динамикалық болмысы қуатты жаңартылған білім мазмұнын оқушыға меңгертетін субъект – мұғалім болса, онда болашақ мұғалімдерді дайындауда олардың инновациялық әрекетке толыққанды дағдыланып, оқушыларға білім берудің бір түрін емес, бірнеше жаңа жүйелерін меңгеріп және заманның даму қарқыны мен өзгерістеріне уақытылы бейімделе алатын маман тұлғасын қалыптастыруды қаматамасыз ету қажет. Осыған орай Ж.К.Стамбекованың диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарына сәйкес ғылыми және инновациялық қызметтің басым бағыттарына сәйкес келеді.</p>	<p>аламыз. Өйткені жаңартылған оқу бағдарламаларындағы білім мазмұны кеңестік дәуірдің бұлжымайтын заң сияқты қабылданатын жаттанды ақпараттардан емес, оқушының өз бетімен білім ала білуіне дағдыландыратын оқу мақсаттарынан құралады. Ал осындай динамикалық болмысы қуатты жаңартылған білім мазмұнын оқушыға меңгертетін субъект – мұғалім болса, онда болашақ мұғалімдерді дайындауда олардың инновациялық әрекетке толыққанды дағдыланып, оқушыларға білім берудің бір түрін емес, бірнеше жаңа жүйелерін меңгеріп және заманның даму қарқыны мен өзгерістеріне уақытылы бейімделе алатын маман тұлғасын қалыптастыруды қаматамасыз ету қажет. Осыған орай Ж.К.Стамбекованың диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарына сәйкес ғылыми және инновациялық қызметтің басым бағыттарына сәйкес келеді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>1. Диссертациядағы көтеріліп отырған мәселе диссертант тарапынан арнайы қаржыландырылған жоба ретінде алынбаса да, бүгінгі таңда қоғамда өзекті мәселе болуына байланысты зерттеу жүргізілгенін атап өту қажет. 2. Диссертация ҚР Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III ҚРЗ қабылданған (2011 жылы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген №487-IV ҚРЗ); ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бұйрығы. Педагогтің кәсіби стандарты: 2017 жылдың 8 маусымы, №133 бекітілген; ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығы. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту: 2018 жылдың 31 қазанында, №604 бекітілген; ҚР Заңы. Педагог мәртебесі туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №293-VI ҚРЗ қабылданған; Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытуға концептуалды әдістер (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы №348 бұйрығы); «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N343 Заңы (01.01.2016ж. толықтыруларымен №343); Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Халыққа жолдауы (2019 жылғы 2 қыркүйек) аясында орындалған. 3. Ж.К.Стамбекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына_сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің дамуына, әсіресе болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі. Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалуы арқылы үлесін қосады және зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған.</p> <p>Зерттеу мәселесіне байланысты дерек көздерді зерделей келе, біріншіден «инновациялық әрекет», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық әрекетке даярлау» ұғым, түсінік ретіндегі нақтыланған мәні арқылы елеулі үлес қосады және маңыздылығы ашыла түседі.</p> <p>Екінші, жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерінің айқындалуы елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>Үшінші, жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>Төртінші жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың әдістемесі жасалып, болашақ мамандарды инновациялық әрекетке даярлау аясында жүргізілетін зерттеулер арқылы үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Ізденуші-докторанттың орындалған зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған жұмыс болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы құрылымды сақтаған.</p> <p>Сонымен бірге, тәжірибелік жұмыс барысында қолданған әдістемелерінің нәтижесін сенімді де нақты дәлелдері көрсеткені жұмыстың жазылудағы өзі жазу принципінің сақталғанын көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Қазіргі әлеуметтік сұраныс талаптарына сай болашақ бастауыш сынып педагогтерін жаңартылған білім мазмұны негізінде инновациялық әрекетке даярлаудың арнайы зерттелмеуі мен осы бағыттағы жұмыстың жоғары оқу орындарында бір жолға қойылмауы бастауыш мектепке барған кезде инновациялық әрекетке бағытталған жаңартылған бағдарламамен білім беруге толыққанды дайын маман қалыптаспауы; бастауыш мектепке енгізілген инновациялық технологияға негізделген жаңартылған бағдарламаны жүзеге асыратын арнайы пән ретінде инновациялық әрекетке бейімделген, инновациялық ойлауы қалыптасқан педагог маман даярлау механизмдері</p>

		осы күнге дейін қарастырылмай келуі мен оны педагогикалық жоғары оқу орындарында жүзеге асырудың сәйкес әдістемесінің болмауы; жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауды жаңа бағытта жетілдіру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі мен оның моделінің жасалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді. Диссертациялық тақырып өзекті, әрі ауқымды ғылыми, әлеуметтік мәселені зерттеуге бағытталған. Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындауға мүмкіндік береді. Диссертацияның ғылыми аппараты логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теория мен практиканың бірлігін айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатты нақтылай келе, жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық негіздерін айқындаумен, зерттеу мәселесіне байланысты ұғымдар мен түсініктерді, атап айтсақ, «инновациялық әрекет» ұғымы мен «болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлау» түсінігін нақтылаумен; құрылымдық-мазмұндық моделін түзумен; әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексерумен, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар берумен сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі	Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын моделдеу; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және SWOT талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.

		<p>шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Бүгінгі күнге дейін әдістемелік-математикалық сауаттылықты дамыту мәселесі аясында шет елдік ғалымдар арасында көптеген іргелі зерттеулер жүргізілген. Диссертант осы зерттеулерді терең және толық талдай білді. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>1-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған; «Инновациялық әрекет» және «Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлығы» ұғымдарының мазмұны мен мәнін сипаттап, құрылымдап, нақтыланған.</p> <p><i>2-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың <i>инновация, инновациялық әрекет туралы арнайы білім мазмұнын игеруі; педагогикалық инновациялық технологиялар туралы білім мен дағдылардың меңгеруі; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгеруі; педагогикалық инновацияларға сараптама жасай білу дағдыларын меңгеруі; инновациялық идеяны тауып, дамытып, оны жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастырып, дамытуы; инновациялық оқу-тәрбие жүйесін құра білу дағдыларын меңгеруі</i> сияқты педагогикалық мүмкіндіктерін негіздеуге алғаш рет талпыныс жасаған.</p> <p><i>3-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Зерттеу барысында теориялық тұрғыда жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған.</p> <p><i>4-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың <i>әдістемесі («Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі») оқу-әдістемелік құралы, «Ғылыми-инновациялық» портал жобасы)</i> алғаш рет ұсынылған.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Жазира Курмангалиевна Стамбекованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп төмендегілерді айтамыз:</p> <p>Бірінші қорытынды жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық негіздерін айқындаудағы білім беру саясатының қағидаттарына сәйкес қабылданған стратегиялардың даму бағыттарымен байланыста, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасау мен іс-әрекеттік, жүйелілік, синергетикалық және инновациялық тұғырлардың түзілуі толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екінші қорытынды бойынша докторант білімнің бірізділік және жүйелілік логикасын сақтай отырып, зерттеу жұмысындағы негізгі категориялар болатын «инновациялық әрекет» ұғымы мен «болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау» түсінігінің мәнін түзуге мүмкіндік берді. Инновациялық әрекет – педагогикалық әрекеттің шығармашылық дамуының тәсілі; Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау – оның жалпы кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын «инновациялық әрекет» жайындағы білімі мен оқу мен оқыту үдерісінде жаңартпалы әрекет түрлерін білуі, инновациялық әрекетке даярлау әдістерінің мәнін, қызметін түсінуі, бастауыш білім беруде жаңашылдыққа бейімделуі, жаңа идеяларды жүзеге асыруда тәуекелге баруы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы деген тұжырым жасалып, ұғымдық-категориялық аппараты тиісті теориялық талдаулар арқылы құрылымын ұсынады, оларға мазмұндық сипаттама беруі толығымен жаңа болады.</p> <p>Үшінші қорытынды ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық әрекетке даярлау инновация, инновациялық әрекет туралы арнайы білім мазмұнын игеру; педагогикалық инновациялық технологиялар туралы білім мен дағдыларды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгеру; педагогикалық инновацияларға сараптама жасай білу; инновациялық идеяны тауып, дамытып, оны жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастырып, дамыту; инновациялық оқу-тәрбие жүйесін құра білу дағдыларын меңгеру мүмкіндіктерінің анықталуы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Авторлық диссертациялық жұмысындағы төртінші қорытынды болашақ бастауыш</p>
--	--	--	---

			<p>сынып мұғалімдерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі педагогикалық жоғары оқу орындарында мотивациялық, когнитивтік, инновациялық-әрекеттік, жеке тұлғалық құрамдас бөліктерінің бірлігін, соған сәйкес жоғарыда көрсетілген барлық элементтердің өзара байланысы мен бірлестігінің нақтылануы толығымен жаңа болады.</p> <p>Жұмыстың бесінші қорытындысы Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау арнайы әдістемені: «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсы ЖОО педагогикалық үдерісіне енгізгенде және ғылыми инновациялық портал жобасын, ұтымды әдістерді, жаңа инновациялық оқыту құралдарын қолданғанда нәтижелі болуы толығымен жаңа болады.</p> <p>Алтыншы қорытынды жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың әдістемесі жасалып, «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсы дайындалып, тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізілуі, жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде тәжірибеден өткен «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралының және ЖОО білім алушыларына арналған «Ғылыми-инновациялық портал» жобасы әдістеме ретінде қолданылуы толығымен жаңа болып саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынған болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және</p>	<p>Зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, болашақ маманның педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау бойынша әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз</p>

		гуманитарлық бағыттары бойынша)	етілді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1. Бірінші қағида бойынша инновациялық әрекет – педагогикалық әрекеттің шығармашылық дамуының тәсілі; педагогтің инновациялық әрекеті – білім беру үдерісін ұдайы жаңартып, қоғамдастықта жұмыс жасай алатын, оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін құруға қабілеттілігі. «Инновациялық әрекет» пен «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық әрекетке даярлаудың» ұғым, түсінік ретіндегі нақтыланған мәні мен оның құрылымы оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың базасы болып табылады. «Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлығы» оның жалпы кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын «инновациялық әрекет» жайындағы білімі мен оқу мен оқыту үдерісінде жаңартпалы әрекет түрлерін білуі, инновациялық әрекетке даярлау әдістерінің мәнін, қызметін түсінуі, бастауыш білім беруде жаңашылдыққа бейімделуі, жаңа идеяларды жүзеге асыруда тәуекелге баруы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы. Қағида дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Болашақ бастауыш сынып педагогтарын инновациялық әрекетке даярлау жолдары» («Білім және ғылымдағы инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Қазақстан, Алматы обл., «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты», Алматы: 22-23 қараша 2018. Б. 131-133.) атты мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан.</p> <p>2. Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау мүмкіндіктері жаңартылған білім мазмұны жағдайында білім алушылардың өз бойындағы білімдік, рухани, жоғары білікті кәсіби тұлғасына байланысты. Инновация, инновациялық әрекет туралы арнайы білім мазмұнын игеру; педагогикалық инновациялық технологиялар туралы білім мен дағдыларды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгеру; педагогикалық инновацияларға сараптама жасай білу; инновациялық идеяны тауып, дамытып, оны жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастырып, дамыту; инновациялық оқу-тәрбие жүйесін құра білу дағдыларын меңгеру мүмкіндіктері болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауды қамтамасыздандырады. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлығының мәні» («Заманауи мектепке дейінгі білім беру:</p>

трансформация, даму векторлары» атты Халықаралық онлайн-конференциясы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Қыздар университеті» баспасы, Алматы: 24 қараша 2021. Б. 356-360) мақаласында көрініс тапқан.

3. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; инновациялық әрекетке даярлаудың компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау үдерісі мотивациялық, когнитивтік, инновациялық-әрекеттік, жеке тұлғалық құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштердің біртұтастығы негізінде қарастырылады. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері, дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, болашақ педагогтер даярлаудағы инновациялық әрекеттің зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, «даяр» болудың деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады. Модель болашақ бастауыш сынып педагогтерін кәсіби даярлауды жетілдіруде, жоғары педагогикалық оқу орындарының теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі инновациялық әрекеттерін жаңғыртуда басшылыққа алатын ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулық бола алады.

Қағида **дәлелденген** және негізделген, **тривиалды емес**, бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін қалыптастыруда қолданылу деңгейі **кең**, «The role of innovation in the updated content of education» (8th International Symposium on Social Studies Education 7-9 November 2019, Ankara/TURKEY P. 321-327) мақаласында **дәлелденген**.

4. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау арнайы әдістемені: «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсын ЖОО педагогикалық үдерісіне енгізгенде және ғылыми инновациялық портал жобасын, ұтымды әдістерді, жаңа инновациялық оқыту құралдарын қолданғанда нәтижелі болады. Қағида **дәлелденген** және негізделген, **тривиалды емес, жаңа**, болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлауда қолданылу аясы **кең**, «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» (Алматы, 2022. – 80 б.) оқу-әдістемелік құралында, «Білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану» («Білім және ғылымдағы инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Қазақстан, Алматы обл., «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы

			облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты», Алматы: 30 мамыр 2019. Б. 441-446) атты мақаласында дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (іс-әрекеттік тұғыр, жүйелілік тұғыр, синергетикалық тұғыр, инновациялылық тұғыр және дидактикалық ұстанымдар жиынтығы болып табылады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер (психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістері қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, бастауыш білім беру пәндерін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 10 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында 5 мақала жарияланып, ЖОО студенттеріне арналған 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрген. Ж.К.Стамбекованың диссертациясындағы эксперименттік-тәжірибе жұмысына Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 133 студенті қатысты. Олардың 66-сы – бақылау тобы, ал 67-сі – эксперименттік топ. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі оның теориялық және әдістемелік ұстанымдарының жан-жақтылығымен, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін бір-бірін толықтыратын зерттеу әдістері мен эксперименттік

			мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерін пайдалана алуымен, апробациялаудың оң нәтижелерімен анықталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 166.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	<i>Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы</i> бар. Атап айтсақ: 1. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды; «Инновациялық әрекет» және «Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлығы» ұғымдарының мазмұны мен мәні сипатталып, құрылымдалып, нақтыланған. 2. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері анықталған. 3. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған. 4. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілген және ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауды әдістемелік қамтамасыз етумен сипатталады. - педагогикалық кешенді әдістер негізінде жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау деңгейін диагностикалау мен бағалау әдістемесі жасалған; - болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау

			<p>жүйесінің арнайы әдістемесі жасалған;</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілген; - «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалған; - ЖОО білім алушыларына арналған «Ғылыми-инновациялық портал» жобасы дайындалған. - зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, бастауыш сынып педагогтерінің тәжірибесінде, бастауыш сынып педагогтерінің біліктілігін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болады.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>1) жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауды әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, жоғары педагогикалық оқу орындары оқытушыларымен арнайы дайындықтар ұйымдастыру – деп берілген ұсынысы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>2) болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлығын қалыптастыруда арнайы оқу бағдарламаларын пайдалану, жоғары оқу орны оқытушыларының осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы жүргізулерін қамтамасыз ету деген ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>3) жүрізілген ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсы, дайындалып, «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралын, ЖОО білім алушыларына арналған «Ғылыми-инновациялық портал» жобасын «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы білім алушыларына дәріс оқуда, семинар сабақтарын өтуде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру деп қойылған ұсынысы толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i>. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс, ғылыми стильді ұстанған, жүйелік құрылымы сақталған, сілтемелерді орынды қолданған.</p> <p>Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

Қорытынды: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Стамбекова Жазира Курмангалиевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындау.

Ресми рецензент,
философия докторы (PhD),
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Педагогика және психология жоғары мектебі
ғылыми-тәрбие жұмысы координаторы

13.06.2022 ж.



С. Майлыбаева

